



**ҚазМұнайГаз**

NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

**2020**

Нұр-Сұлтан қ.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ**  
Іскерлік әдеп кодексі



# Мазмұны

- 3** Басқарма тәрағасының үндеуі
- 4** Терминдер, анықтамалар және қысқартулар
- 6** Жалпы ережелер
- 7** Корпоративтік құндылықтар
- 8** Қызметкерлермен және Лауазымды адамдармен қарым-қатынас
- 10** Мұдделі тараптармен қарым-қатынас
- 12** Тәуекелдерді басқару
- 17** Кодекстің сақталу мәселелері бойынша байланыс арналары

# Құрметті әріптер,

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың қазіргі таңдағы табысты қызыметі және болашақта әлемдік деңгейдегі мұнай-газ компаниясы болу жолында Компанияның серпінді даму жетістіктері бизнес жүргізудің және іскерлік жүріс-тұрыстың жалпы мақсаттары, дәстүрлері мен мәдениеті біріктірілген ниеттестер командасын қаншалықты таныта алатынымызға байланысты.

Осы Искерлік этикасы кодексі КМГ барлық қызыметкерлерінің кәсібіне, атқаратын лауазымына және ұжымыс орнына қарамастан, жеке және ұжымдық жүріс-тұрыс нормалары мен қағидаларының жиынтығын қамтиды.

Кодекс әрбір қызыметкер КМГ беделі және қызыметінің нәтижелері үшін жауапкершілікті сезіне алатын, жігерлендіретін ұжымыс атмосферасын қалыптастыруға және бұл ретте қызыметтік міндеттерін орындау кезінде жеке басына Компанияның көніл бөлуіне үміт артуға бағытталған.

Іскерлік этикасы кодексі – әрбір қызыметкер өз саласында кәсіби маман және бірыңғай Корпоративтік мәдениеттің бөлігі болып табылатын, осындай Компанияны құрудың аса маңызды құралдарының бірі.

Корпоративтік этика қызыметкерлерді біртұтас әлеуметтік организмге біріктіретін негізгі элемент болып табылады. Барлық бөлімшелердің бір жолға қойылған жұмысы үшін қызыметтің адамгершілік бағдарларын нақты түсіну қажет. Жоғары этикалық стандарттарға бейілділік ұжымда және сыртқы серіктестермен, қоғаммен және мемлекетпен қатынастардағы сенімді сақтауға және нығайтуға көмектеседі.

Кодекс нормаларын сақтау КМГ-ның қазіргі таңдағы беделін ығайтудағы және болашақта Компанияның стратегиялық мақсаттарын тұрақты дамытуды және қол жеткізуіді қамтамасыз етудегі қадамдардың бірі болып табылады.

Әрбір қызыметкер өз еңбегімен және жүріс-тұрысымен КМГ беделін және мәртебесін көрсетеді. Соңдықтан – Кодексті мұлтіксіз сақтау КМГ қызыметкерлері үшін – жоғары басымдық болуы тиіс.

**Алик Айдарбаев**

Басқарма төрағасы

# Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Термин, қысқарту	Анықтама
Лауазымды адамдар	1. Заңға, өзге де құқықтық актіге немесе құжатқа сәйкес ҚМГ атынан әрекет етуге үәкілдеппі адамдар; 2. ҚМГ Директорлар кеңесінің мен Басқармасының мүшелері.
Мүдделі тараптар	ҚМГ қызметін жүзеге асыруға, оның ішінде ҚМГ шешімдер қабылдау процесіне ықпал ете алатын немесе ҚМГ қызметі шеңберінде мүдделері қозғалатын жеке және заңды тұлғалар
Бәсекелес	ҚМГ көрсететін (орындаитын, сататын) қызметтерге (жұмыстарға, тауарларға) ұқсас қызметтерді көрсететін (жұмыстарды орындаитын, тауарларды сататын) жеке тұлға, жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға
Контрагент	ҚМГ шарт (мысалы, қызметтер көрсету/тауарлар жеткізу туралы шарт, агенттік келісім, мұнайды, газды, мұнай өнімдерін, ҚМГ активтерін өткізу шарты және басқалар) жасасқан не шарт жасасуды жоспарлап отырған жеке немесе заңды тұлға
Кодекс	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Іскерлік әдеп кодексі
Мүдделер қақтығысы	Қызметкердің немесе Лауазымды адамның жеке пайдасы немесе қызметі ҚМГ мүдделеріне қайшы келетін немесе олармен ықтимал қайшы келуі мүмкін және сол арқылы олардың лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауына және ҚМГ-ға қатысты мәселелер бойынша шешімдердің обьективтілігіне әкеп соғуы мүмкін кез келген жағдайлар немесе мән-жайлар
Жеке пайда	Лауазымды адамның/Қызметкердің қызметтік міндеттерін орындау кезінде ақша, құндылықтар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер, өзі немесе үшінші тұлғалар үшін өзге де мүліктік және мүліктік емес құқықтар түрінде пайда алу мүмкіндігі
Қоғам	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
Омбудсмен	Өзіне жүгінген ҚМГ қызметкерлеріне консультация беру және еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ ҚМГ қызметкерлерінің іскерлік әдеп қағидаттарын сақтауға жәрдем көрсету рөлін атқаратын ҚМГ Директорлар кеңесі тағайындаитын адам

# Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Термин, қысқарту	Анықтама
Сән-салтанат бұйымы	<p>Осы Кодекстің мақсатында сән-салтанат бұйымдарына мынадай сыйлықтар жатады:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>асыл заттар (зертгерлік бұйымдар, өндөлмеген және өндөлген бағалы минералдар, асыл және жартылай асыл тастар);</li><li>бағалы қағаздар, соның ішінде депозиттік және жинақ сертификаттары, акциялар, үлестер;</li><li>көлік құралдары, соның ішінде яхталар, автомобилдер, ұшақтар және басқа да көлік құралдары;</li><li>жылжымайтын мүлік;</li><li>антиквариат болып табылатын немесе мәдени немесе көркемдік құндылығы бар заттар;</li><li>көпшіліктің көз алдында сән-салтанат бұйымдары ретінде қарастыруға болатын басқа заттар.</li></ul>
Саяси маңызы бар адам	<ol style="list-style-type: none"><li>Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы;</li><li>Лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда үйімдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындағытын адам;</li><li>Шетелдік лауазымды адам – шет мемлекеттің лауазымды адамы, соның ішінде шетелдік жария жиналыс мүшелері, халықаралық үйімдардың лауазымды адамдары, халықаралық парламенттік жиналыс мүшелері, шет мемлекеттің судьялары мен халықаралық соттың лауазымды адамдары, сондай-ақ шет мемлекеттің қарулы күштері мен өзге де әскери құралымдарындағы лауазымды адамдар</li></ol>
Қызметкер	ҚМГ-мен еңбек қатынастарында тұрған және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындағытын адам, сондай-ақ агенттік және азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт арқылы шарт бойынша тартылатын өзге де адамдар
ҚМГ комплаенс қызметі	Комплаенс мәселелері үшін жауап беретін ҚМГ-ның жауапты құрылымдық бөлімшесі
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
Кодекс	Кодекс деловой этики АО «НК «КазМунайГаз»
KMG International	Бас компаниясы KMG International N.V. болып табылатын занда тұлғалар тобы.

# Жалпы ережелер

Кодекс кімге қолданылады  
және ол қалай орындалады?

**Кодекс ҚМГ-ның  
корпоративтік  
құндылықтарын  
бекітеді және барлық  
Қызметкерлер мен  
Лауазымды адамдар  
басшылыққа алуға тиіс  
корпоративтік әдеп  
талаптарының  
жинытығын білдіреді.**

“

» **Бұл Кодекс «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамына  
қолданылады.**

» **Кодектің сақталуы**

Әрбір Қызметкер мен Лауазымды адам Кодектің ережелерімен танысуға міндеттенеді. Барлық Қызметкерлер мен Лауазымды адамдар Кодектің №1 қосыншасына сәйкес Кодекспен танысқаны туралы растау нысанына қол қоюы тиіс.

Кодектің талаптарын бұзатын әрекеттер (әрекетсіздік) жасаған немесе оларға жол берген Қызметкерлер мен Лауазымды адамдар, негіздер болған кезде, белгіленген тәртіппен тәртіптік жауаптылыққа тартылуға жатады.

ҚМГ контрагенттеріне және мүдделі тараптарына Кодектің ережелерін ұстану ұсынылды.

Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасына, ҚМГ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, сондай-ақ халықаралық сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнама ескеріле отырып әзірленді.

Егер ҚМГ тобы компаниялары орналасқан елдердің заңнамасы Кодектің ережелеріне қарағанда неғұрлым қатаң талаптар белгілесе, онда осындай заңнаманың талаптары қолданылады.

Егер Кодектің жекелеген ережелері салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға не біреудің жеке көзүқарасына қайши келсе, Кодектің ережелері қолданылады.

# Іскерлік әдептің негізгі құндылықтары мен қағидаттары

ҚМГ-нің корпоративтік  
құндылықтары қандай?



## Әділдік

- Біз адал әрекет етеміз;
- Біз өз сөзімізде тұрамыз және қосарлы стандарттар ұстанбаймыз;
- Біз бәріне тең мүмкіндік береміз және әділеттіміз.



## Бейілділік

- Компанияның мүдделері жеке мүдделерден жоғары деп қабылдаймыз;
- Біз компанияға бей-жай қарамаймыз және өзіміздегі бар нәрсеге мүқият қараймыз;
- Біз бір командамыз.



## Даму

- Біз адамдар мен технологияларға инвестиция саламыз;
- Біз жақсы жаққа өзгеріп келеміз және ұдайы дамып, әлемдік компания болуға үмтүламыз;
- Біз өзгерістерді басқарамыз.



## Қауіпсіздік

- Біз қызметкерлеріміздің, серіктестеріміздің және қоғамның қауіпсіздігі қамын ойлаймыз;
- Біз қоршаған ортаға қамқорлық жасаймыз;
- Біз өз беделіміз туралы ойлаймыз.



## Жауапкершілік

- Біз салмақты шешімдер қабылдаймыз;
- Біз қателіктерден сабак аламыз;
- Біз табандымыз әрі тәртіптіміз.

# Қызметкерлермен және Лауазымды адамдармен қарым-қатынас

ҚМГ-ның барлық Қызметкерлері мен  
лауазымды адамдарының негізгі  
мінез-құлышық қағидаттары

## » Барлық Қызметкерлер мен Лауазымды адамдар ішкі корпоративтік мінез-құлыштың мынадай негізгі қағидаттары мен қағидаларын ұстанады:

- Кодекстің ережелерін зерделеуге, түсінуге және адал орындауға міндеттенеді;
- Өз міндеттерін және ішкі еңбек тәртібі қағидаларын кәсіби түрде орындауды;
- ҚМГ мүлкі мен қаржы қаражатын тек қызметтік мақсаттарда пайдаланады және басқарады;
- Мұдделер қақтығысының туындауын болдырмайды, сыйайлас жемқорлық пен алайтыққа жол бермейді;
- Құпия ақпаратты жария етпеу;
- Осы Кодекстің бұзылуы туралы уақтылы хабарлайды.

## » Еңбек және жалдаудың тең шарттары

ҚМГ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын, сондай-ақ өзі жұмыс істейтін мемлекеттердің қолданылатын жергілікті заңнамасын сақтайды.

ҚМГ Қызметкерлер мен Лауазымды адамдарды жұмысқа қабылдау, жетістіктерін бағалау және ілгерілету кезінде нақты және ашық өлшемдерге негізделген бірыңғай қағидалардың болуын қамтамасыз етеді.

ҚМГ Қызметкерлердің құқықтарын қорғау немесе сақтау мақсатында Қызметкерлердің бірігу және ұжымдық шарттар жасасу құқығын мойындайды.

## » Кемсітуге және қысым көрсетуге тыйым салу

ҚМГ-да нәсілдік, діни, ұлттық, жыныстық, саяси немесе өзге де қатыстылығы, әлеуметтік шығу тегі, мүліктік және лауазымдық жағдайы, қарым-қатынас тілі және басқа да мән-жайлар негізінде қорқытуға, оның ішінде әзілмен қорқытуға және біреуғе қатысты кез келген кемсітушілікке, сондай-ақ көрсетілген белгілер негізінде жекелеген Қызметкерлерге қандай да бір артықшылықтар беруге жол берімейді.

## » Сұрақ

«Жақында келіссөздер барысында менің жетекшім, менің ойымша, дұрыс емес қылыш жасады, мені Контрагент көзінше жаман маман деп атады. Мен өзімді ынғайсыз сезіндім. Бұл дұрыс па?»

## » Жауап

«Жоқ. Біздің Контрагенттеріміздің алдында ҚМГ өзінің кәсіби беделін нығайтуға қүш-жігерін салады, сондай-ақ Қызметкерлердің қадір-қасиетін қорлауды лайық көрмейді.»

# Қызметкерлермен және Лауазымды адамдармен қарым-қатынас

ҚМГ басшы Қызметкерлері мінездік  
құлқының негізгі қағидаттары

ҚМГ-ның басшы  
Қызметкерлері  
өзінің жеке  
қасиеттерімен  
әдепті  
мінездік  
көрсетіп,  
«жоғарыдан үлгі»  
тәнітуы тиіс



## » ҚМГ басшы қызметкерлерінің міндеттері:

- Қызметкерлердің Кодекстің ережелерімен танысын, сақтауын және әдеп мәселелерін талқылауға бастамашылық ететін Қызметкерлерге қолдау көрсетілуін қамтамасыз ету;
- Кодекс ережелерінің бұзушылықтарын жою бойынша дереу шаралар қабылдау;
- Бағалау жүргізу кезінде Қызметкерлердің Кодекс талаптарын сақтауын есепке алу;
- Ұжымда ашық, әрі құрметті қарым-қатынас ортасын құру;
- Қызметкерлерге қолданыстағы заңнаманың, Кодекстің немесе өзге де жергілікті нормативтік актілердің талаптарын бұзатын тапсырмалар бермеу;
- Өзінің лауазымдық жағдайын бағыныстылардың мүдделеріне нұқсан келтірмей пайдалану және басынбау.

## » Қызметкерлер мен Лауазымды адамдарға:

- ҚМГ-ні, ҚМГ қызметкерлерін немесе Лауазымды адамдарын, Мүдделі тараптарын теріс немесе жағымсыз сипатта көрсететін жария мәлімдемелер жасауға;
- Қызметтік өкілеттіктері болмай тұрып, ҚМГ атынан әрекет етуге;
- Есірткі және рұқсат етілмеген психотроптық заттарды қолдануға, жұмыс орнында мас күйінде болуға, арнайы бөлінген орындардан тыс жерде темекі шегуге тыйым салынады.

## » Сұрақ

«Бағыныстағы адамым тым көп сұрақ қоятын сияқты, мені жұмыстан алаңдатады. Мен оған көңіл бөлуге қолым тимейтінін сылайы түрде қалай түсіндіре алам?»

## » Жауап

«Бағынысты адамдарды сұрақтар қоюға, ұсыныстар енгізуге, сондай-ақ кодекстің және компанияда қабылданған басқа да нормалардың бұзылғаны туралы хабарлауға ынталандырасыз деп күтеміз.»

## » Сұрақ

«Кейде мен үйде интернетten блогтарды оқимын. Бірнеше күн бұрын мен қмг-нің бұрынғы қызметкерінің компаниядағы өз жұмыс тәжірибесін теріс сипаттаған пікірін байқадым. Менің оның жақбаларына пікір қалдырғым келеді. Мен мұны істей аламын ба?»

## » Жауап

«Сіз ҚМГ атынан жауап берे алмайсыз. Алайда, сіз компания туралы ешқандай құпия ақпаратты ашпай, қмг-дағы өз жұмысынан туралы жеке көзқарасынызды білдіре аласыз (алайда бұл да құптарлық емес).»

# Мұдделі тараптармен қарым-қатынас

Акционерлермен, мемлекеттік  
органдармен және Саяси маңызы  
бар адамдармен қарым-қатынас

## » ҚМГ акционерлерінің құқықтарын сақтау мен қорғау негізгі басымдықтардың бірі болып табылады

ҚМГ мен акционерлер арасында ақпарат алмасу тәртібін қоса алғанда, акционерлермен өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасы заңнамасының, ҚМГ өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттердің өзге де қолданыстағы заңнамасының талаптарына, ҚМГ бағалы қағаздары айналатын қор биржаларының талаптарына, сондай-ақ Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарына негізделген.

## » ҚМГ-ның Саяси маңызы бар адамдармен, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы

Саяси маңызы бар адамдармен, мемлекеттік органдармен немесе мемлекет меншігіндегі немесе мемлекеттік бақылаудағы компаниялармен өзара іс-қимыл кезінде ерекше сақтық таныту қажет.

ҚМГ мұддесін білдіретін Қызметкерлерге, Лауазымды адамдарға және делдалдарға:

- Саяси маңызы бар кез келген адамға ақшалай қаражат, сыйлықтар, қонақжайлық белгілері, кез келген құндылықтар беруге,
- Саяси маңызы бар адамдарға, мемлекеттік органдарға және мемлекет меншігіндегі немесе мемлекеттік бақылаудағы компанияларға нысандылықтарды жеделдете үшін заңсыз төлемдерді жүзеге асыруға тыйым салынады.
- Коммерциялық қызметті Саяси маңызы бар адамдармен бірлесіп жүзеге асыру сыйайлас жемқорлық тәуекеліне әкелу мүмкін. Қызметкерлер мен Лауазымды адамдарға ішкі рәсімдерге сәйкес алдын ала тексерусіз мұндай коммерциялық, мәмілелерді жасауға тыйым салынады.
- ҚМГ қызметкерлерін құттықтауға, өндірістік объектілердің салтанатты ашылуына, сондай-ақ мемлекеттік және үлттық мерекелерге, сондай-ақ ҚМГ мен осы Саяси маңызы бар адамдар арасындағы өзара іс-қимылды талқылау мақсатындағы басқа да іскерлік жиналыстарға Саяси маңызы бар адамдар шақырылған іс-шараларға рұқсат етіледі. Бұл ретте осы іс-шаралар/жиналыстар шенберінде басқа шақырылған адамдардан гөрі Саяси маңызы бар адамға преференциялар берілмейді.

## » Сұрақ

«Контрагент рұқсат алу үшін мемлекеттік қызметшінің пайдасына «жеделдете төлемін» жасау туралы ұсыныс жасады. Қол ақысын осы сомаға көбейту қажет болады. Бұл дұрыс па?»

## » Жауап

«Жоқ. Контрагенттің ұсынысы елеулі бұзушылық болып табылады, ол туралы дереу хабарлауыңыз қажет».

# Мұдделі тараптармен қарым-қатынас

Контрагенттермен және  
бәсекелестермен қарым-қатынас

## » ҚМГ Контрагенттермен қарым-қатынаста мынадай қағидаттарды ұстанады:

- Занұлтық, ашықтық, шарттардың талаптарын сақтау, сыйбайлар жемқорлықтың кез келген көріністеріне тәзбеушілікке және сатылмаушылыққа негізделген өзара іс-қимыл, сондай-ақ Контрагенттерді мынадай факторлар комбинациясының негізінде іріктеу: үздік баға, сапа және шарттар, Контрагенттің іскерлік беделі;
- Тендерлік комиссияның тәуелсіз жұмысын қамтамасыз ету және оның қызметіне араласпау;

ҚМГ Контрагенттерден қолданыстағы заңнама талаптарын сақтаудың, Қызметкерлермен әділдетті қарым-қатынас жасауды, балалар еңбегін пайдаланбауды, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуін, қоршаған ортаны қорғауды және әдепті мінезд-құлыштың өзге де қағидаттарын ұстанудың күтеді.

## » Бәсекелестермен қарым-қатынаста Қызметкерлерге:

- Бәсекелестермен құпияллық режимдегі ақпаратпен алмасуға;
- Бәсекелестермен бағалар немесе нарықты бөлу туралы ресми немесе бейресми келісім жасауға – бұл ҚМГ үшін жауапкершілікке әкеп соғуы және оның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін;
- Бәсекелестер туралы құпия ақпаратты алушың заңсыз әдістерін пайдалануға;
- Бәсекелестер, олардың өнімдері/қызметтері туралы жалған мәлімдемелер жасауға тыйым салынады

ҚМГ монополияға қарсы қолданылатын заңнаманы, оның ішінде бәсекелестікті қорғау туралы қолданылатын жергілікті заңдарды сақтайды.

Біз тек адал әрі шынайы жарнаманы пайдаланамыз, жарнамалық және маркетингтік іс-шараларды өткізу кезінде занұлды немесе үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзуға жол бермейміз.

## » ҚМГ қоғаммен қарым-қатынаста мынадай қағидаттарды ұстанады:

- Егер ҚМГ Жарғысына, ҚМГ акционерлерінің үміттері мен талаптарына және ҚМГ-ның басқа да ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келмесе, экономиканың әлеуметтік маңызы бар салаларын дамытуға бағытталған бағдарламаларды қолдауға ұмтылады.
- Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қағидаттарын енгізеді.

# Тәуекелдерді басқару

Парақорлық пен сыйайлас  
жемқорлыққа қарсы күрес,  
Мұдделер қақтығысын болдырмау  
және реттеу

## » ҚМГ сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес шеңберінде мынадай қағидаттарды үстанады:

- ҚМГ қолданылатын жергілікті және халықаралық заңнаманы, Кодектің және сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де ішкі құжаттардың ережелерін басшылыққа алады, сондай-ақ сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы әлемдік стандарттарға өзінің бейілділігін растайды.
- ҚМГ-да кез келген нысанда және көріністерде сыйайлас жемқорлықты қабылдамау қағидаты («нөлдік төзімділік» қағидаты) бекітіледі.
- ҚМГ сыйайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторларын сәйкестендіреді, тұрақты өзектендіріп отырады, сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту бойынша тиісті рәсімдерді әзірлеп енгізеді және олардың сақталуын бақылайды.

## » ҚМГ Қызметкерлер мен Лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың кәсіби міндеттері арасындағы қақтығыстарға жол бермеуге тырысады. Қызметкерлер мен Лауазымды адамдар мынадай жағдайларды болдырмауы тиіс:

- Қызметкерлер мен Лауазымды адамдар қатаң түрде ҚМГ мұддесінде іс-қимыл жасауға және іскерлік шешімдер қабылдауға міндетті;
- Қызметкерлер мен Лауазымды адамдар кез келген ықтимал мұдделер қақтығысы туралы алдын ала хабарлауға тиіс;
- Барлық жағдайларда Мұдделер қақтығысына әкелген немесе әкелуі мүмкін жағдай шешілуі тиіс.

## » Сұрақ

«Мен ҚМГ қызметкерімін және бұрын ҚМГ тобының компаниясына тауарлар жеткізетін компанияның тең құрылтайшысы болдым. Өткен айда мен осы бизнестегі үлесімді іскери серіктесіме саттым. Енді мұдделер қақтығысы жоқ деп айта алам ба?»

## » Жауап

«Өз үлесінізді сатқаныңыз туралы мәлімдеу қажет, бірақ егер сіз осы компанияны бей-ресми бақылауды жалғастыра берсеңіз, онда мұдделер қақтығысы сақталады»

# Тәуекелдерді басқару

Ақпараттың құпиялылығы  
және меншікті қорғау

Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес немесе ҚМГ өз қызметін жүргізетін мемлекеттердің өзге де қолданылатын жергілікті заңнамасына сәйкес құпия ақпаратқа жатқызылған ақпарат құпия ақпарат деп танылады.

## » Құпия ақпаратпен жұмыс істеу кезінде Қызметкерлер мен Лауазымды адамдар мынадай қағидаттарды ұстанады:

- Құпия ақпаратты қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды;
- Қолданылатын жергілікті заңнамаға сәйкес құпия ақпаратты жария етпейді;
- Құпия ақпаратқа рұқсаты жоқ басқа Қызметкерлердің немесе ҚМГ-дан тыс өзге үшінші тұлғалардың құпия ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуін және жария етуін болдырмаудың, сондай-ақ деректердің жоғалуына немесе жойылуына жол бермеудің қамын жасайды.

## » Қызметкерлерге және Лауазымды адамдарға инсайдерлік ақпаратты

Қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асыру, оны үшінші тұлғаларға беру немесе ҚМГ қаржы құралдарын сатып алуға немесе сатуға үшінші тұлғаларды мәжбүрлеу/ұсынымдар беру үшін жеке мақсаттарда пайдалануға тыйым

## » Меншікті қорғау шеңберінде Қызметкерлер мен Лауазымды адамдар мынадай қағидаттарды ұстанады:

- ҚМГ мүлкі мен активтеріне үқыпты қаралу, үрлықтын, бүлдірудің, ысырап етудің, үқыпсыз қараудың алдын алу
- Жеке пайда алу мақсатында ҚМГ мүлкін пайдалануға тыйым салу
- ҚМГ зияткерлік меншігін қорғау
- Кез-келген бұзушылықтар немесе алаяқтық жағдайлары ішкі құжаттармен белгіленген тәртіппен түсіндірілуі тиіс.

## » ҚМГ мүлкі мен активтеріне мыналар жатады:

Материалдық активтер, ақша қаражаты, зияткерлік меншік обьектілеріне құбықтар, «ноу-хау», бизнес-процестер туралы деректер, желілік ресурстар, еңбек ресурстары, сондай-ақ электрондық пошта және басқа байланыс жүйелері арқылы берілетін және қабылданатын немесе оларда сақталатын жазбаша хат-хабар мен мәліметтер және ақпарат жатады.

# Тәуекелдерді басқару

Сыйлықтармен алмасу

ҚМГ  
контрагенттермен  
серіктестік  
қатынастарды  
дамытады және  
іскерлік практикаға  
сәйкес келетін  
сыйлықтарды алуға  
және беруге жол  
береді



Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын **Қызметкерлер мен Лауазымды адамдар** Контрагенттерге сыйлықты буып-тую және жеткізу шығыстарын қоса алғанда, құны 20,000 теңгеден аспайтын сыйлықтар беруге **құқылы**. ҚМГ символикасы бар сыйлықтар мен кәдесый өнімдерін сыйға тартуға ғана жол беріледі.

Қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын **Қызметкерлер** Контрагенттерден күнтізбелік жыл ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген 2 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) аспайтын сомаға сыйлықтар алуға **құқылы**.

Лауазымды адамдардың Контрагенттен немесе оның атынан сыйлықтар алуға **құқығы жоқ**.

## » Мыналарға жол берілмейді:

- Саяси маңызы бар адамдарға қатысты кез келген сыйлықтарды сыйға тарту және қабылдау;
- Күнтізбелік бір жыл ішінде Контрагенттің бір өкілінің атына екіден көп сыйлық, сыйға тарту;
- Сыйлықтарды мынадай форматта сыйға тарту және қабылдау:

Сән-салтанат бүйімдары;

Қолма-қол ақша және оның баламалары, соның ішінде банк карталары, жол чектері және сыйлық сертификаттары;

Берілуі Контрагент тарапынан шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін өзге де заттар.

Ешбір жағдайда сыйлықтар алмасу Қызметкердің, Лауазымды адамның және/немесе жалпы ҚМГ беделіне теріс әсер ете алатын жасырын сыйақы болып табылмауы тиіс.

Қызметкерлер немесе Лауазымды адамдар Контрагенттерге немесе өзге де адамдарға берген және алған барлық сыйлықтар ашылып, Қызметкерлер сыйлықтарды және қонақжайлық белгілерін тіркеу журналына енгізуге тиіс.

# Тәуекелдерді басқару

Әкілдік шығыстар,  
қайырымдылық  
және демеушілік көмек

## » Өкілдік шығыстар, оның ішінде іскерлік қонақжайлышқа арналған шығыстар төменде көрсетілген барлық критерийлер жиынтығына сәйкес келуге тиіс:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Саясаттың, осы Кодектің қағидаттары мен талаптарына және қолданылатын заңнаманың нормаларына қайши келмеу,
- Сән-салтанат заттары болмау,
- Жасырын сыйақы немесе алушыға басқа заңсыз немесе этикалық емес мақсатпен ықпал жасау әрекеті болып табылмауы.

Қызыметтің Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын **Қызыметкерлер**, егер қылық жасырын пара болып табылмаса, Контрагент есебінен іскерлік түскі/кешкі асқа шақыруды қабылдауға **құқылы**.

**Лауазымды адамдардың** Контрагент есебінен іскерлік түскі/кешкі асқа шақыруларды қабылдауға **құқығы жоқ**.

Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін ҚМГ тобының компанияларына арналған өкілдік шығыстар Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ айқындаған өкілдік шығыстарға арналған лимиттерден аспауы тиіс.

## » Қайырымдылық және демеушілік көмек

- ҚМГ қайырымдылық және демеушілік көмекті «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорына ақшалай қаражат аудару арқылы ғана көрсете алады.
- Ескірген активтерді қайырымдылық мақсаттарға есептен шығару, аз қамтылған отбасыларға әкімдіктердің етініштері бойынша көмек көрсете ҚМГ комплаенс қызыметтінің алдын ала келісумен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.
- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ тікелей нұсқауы бойынша қайырымдылық және демеушілік көмек кейіннен қаражаттың мақсатты жұмысалуы туралы егжей-тегжейлі есеп беріле отырып, белгілі бір мақсаттарға жазбаша сұрау салу бойынша ғана көрсетілуі мүмкін.
- ҚМГ қайырымдылықты төтенше жағдай жарияланған және (немесе) төтенше жағдай кезінде немесе төтенше жағдайдың салдарын және (немесе) төтенше жағдайды жою үшін ғана жүзеге асырады алады.

# Кодекстің сақталу мәселелері бойынша байланыс арналары

Омбудсмен институты  
және Комплаенс қызметі

## » Омбудсменнің міндетіне мыналар кіреді:

- Осы Кодекстің ережелері бойынша Қызметкерлердің іскерлік әдебі, әлеуметтік-еңбек мәселелері, кемітіушілік, жыныстық және өзге де қолсұғышылық, еңбек даулары және өзге мәселелер бойынша түсіндірулер мен консультациялар беру;
- Бейтарап, тәуелсіз болу, алдын ала кесіп пішпеу, істерді қарастауда әділ және тең құқықты процестерді қолдау, бір де бір Қызметкер тараапынан әрекет етпеу;
- Осы Кодекстің өз құқықтарын және/немесе ережелерін бұзу фактісі бойынша жүгінген Қызметкердің және/немесе Лауазымды адамның ақпаратының құпиялышылығын және анонимділігін қамтамасыз ету;
- Жүгінген Қызметкерлерге, Лауазымды адамдарға, еңбек дауларына қатысушыларға өз құзыреті шегінде консультация беру және оларға өзара тиімді, сындарлы және іске асырылатын шешімді әзірлеуге жәрдемдесу;
- Жүйелі сипатқа ие және тиісті шешімдер қабылдауды қажет ететін, анықталған әлеуметтік-еңбек мәселелерін тиісті органдар мен Лауазымды адамдардың қарастауда енгізу;
- Анықталған бұзушылықтарға белгіленген тәртіpte тергеу жүргізу бойынша жұмысты үйлестіру.

## » ҚМГ Комплаенс қызметінің міндетіне мыналар кіреді:

- Осы Кодекстің ережелері бойынша, сыйбайлас жемқорлық және паракорлық, алаяқтық, іскерлік сыйлықтар мен қонақжайлық белгілері, мемлекеттік органдармен қарым-қатынастар, осы мәселелер бойынша ішкі тергеу жүргізу мәселелері бойынша түсініктемелер мен консультациялар беру;
- Жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша осы Кодекстің ережелерінің сақталуына мониторингті және бақылауды жүзеге асыру;
- Анықталған бұзушылықтар жағдайында Қызметкерлер мен Лауазымды адамдарға қатысты тәуелсіз және обьективті ішкі тергеулерге бастамашылық ету және жүргізу.

# Кодекстің сақталу мәселелері бойынша байланыс арналары

ҚМГ тобының Қызметкерлері  
қайда жүгіне алады?

» Кодекстің ережелерін, сондай-ақ ҚМГ-ның өзге ішкі нормативтік актілерін сақтау мақсатында, Омбудсменге жүгіну арналары және «Жедел желі» құрылады.

## » Омбудсмен:

- Тел: +7 (7172) 78 65 60
- e-mail: ombudsman@kmg.kz

## » Жедел байланыс желісі:

- Жедел байланыс желісі: 8 800 080 47 47
- WhatsApp мобилді қосымша: 8 771 191 88 16
- Интернет-портал: [www.sk-hotline.kz](http://www.sk-hotline.kz)
- Электрондық пошта: [mail@sk-hotline.kz](mailto:mail@sk-hotline.kz)

## » Сұрақ

«Мен (А) кодекстің ережелерін бұзылғаны туралы хабарлағым келеді, бірақ менде ешқандай дәлел жоқ. Хабарлағаным жөн бе?»

## » Жауап

«Әрине. Келіп түскен барлық өтініштер қаралады. Егер көрсетілген фактілер тексеру барысында расталса, оның негізінде тергеу басталады. ҚМГ қызметкерлердің әдеп және комплаенс мәселелеріндегі белсенділігін бағалайды».



**ҚазМунайГаз**

NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ